

aceline

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы

aceline

Aceline SFVE-1641
желдеткіші

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Құрылғының сұлбасы	5
Техникалық сипаттамалары.....	5
Жинау	6
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	7
Қызмет көрсету және күтім жасау.....	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасымал), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары	8
Қосымша ақпарат	9

Құрметті сатып алушы!

Сізге «Aceline» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.


Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз, бұйымды одан әрі пайдалану кезінде, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Желдеткіш бөлмелерді желдетуге арналған.

Сақтық шаралары

- Аспапты қорек көзіне қосар алдында, Сіздің үйдегі электр желіңіздің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Құрылғыны жерге тұйықталған розеткаға қосыңыз.
- Құрылғыны пайдаланбаған жағдайда, оны тазалау, жылжыту, құрастыру немесе бөлшектеу кезінде, сөндіріңіз және ажыратыңыз.
- Зақымдары болған жағдайда, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны құрғақ және тегіс бетке орналастырыңыз. Қорек бауы беткейдің (мысалы, үстелдің) шетіне ілініп тұрмағанына көз жеткізіңіз. Баудың ыстық беткейге және үшкір жиектерге тимеуіне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыға сұйықтықтарды, аэрозольдарды және басқа заттарды шашыратпаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты тез тұтанатын немесе жарылу қаупі бар заттардың жанына қоймаңыз.
- Электр тоғынан зақымдануды болдырмау үшін, құрылғының қандай да бір бұрандасын бұрап босатпаңыз.
- Желдеткіштің қозғалмалы бөліктеріне қол тигізбеңіз. Зақым келтірмеу және жарақат алмау үшін, саусақтарыңызды немесе кез-келген заттарды құрылғының торына салмаңыз.
- Ауа ағынын адамдарға ұзақ уақыт бағыттамаңыз.
- Қорғағыш торды шешіп алапър алдында, құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Құрылғыны жұмсақ матамен және жұмсақ жуғыш затпен тазалаңыз. Бензин мен еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Пайдаланар алдында мойынтірекке жоғары сапалы майлау майының бірнеше тамшысын тамызыңыз.
- Келесілердің қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдардың оларды бақылайтын жағдайларын қоспағанда, құрылғы балалардың және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауына мүмкіндік бермеңіз.
- Қорек көзінің бауы немесе айыры зақымданған құрылғыны пайдаланбаңыз. Қорек көзінің бауын ауыстыру үшін, авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

Құрылғының сұлбасы



- | | |
|--------------------------------------------------|-----------------------------|
| 1. Тұмша. | 10. Бұрылысты реттегіш. |
| 2. Алдыңғы қорғағыш тор. | 11. Мотор блогы. |
| 3. Ысырмалар. | 12. Басқару блогы. |
| 4. Бұрамалар. | 13. Б бұрамасы. |
| 5. Қалақшаларды бекітуге арналған сомын. | 14. Телескопиялық тіреу. |
| 6. Қалақшалар. | 15. Тіреу қысқышы. |
| 7. Артқы қорғағыш торды бекітуге арналған сомын. | 16. Аяқша. |
| 8. Артқы қорғағыш тор. | 17. Бастырма. |
| 9. Мотор өсі. | 18. А бұрамалары. |
| | 19. Айқас тұғыр. |
| | 20. Тірекке арналған тұмша. |

Техникалық сипаттамалары


- Модель: SFVE-1641.
- Қорек параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаттылық: 45 Вт.
- 3 жұмыс жылдамдығы.
- Тордың диаметрі: 43 см.

Жинау


Қаптаманың ішіндегісін шығарып алып, барлық бөлшектердің бар-жоғын тексеріңіз.

Негіз бен тіреуді жинау


1. Екі бөлікке қуыстарды біріктіріп, айқасталған тұғырды жалғаңыз (19). Аяғын(16) тұғырға (19) 4 бұрауыштың(18) көмегімен бекітіңіз.
2. Сағат тіліне қарсы бағытта бұра отырып, (15) аяқтан (16) және телескопиялық тіреуден (14)тіреу қысқышын шешіп алыңыз. Аяғын (16) және телескопиялық тіреуді (14) бастырма арқылы (17) кигізіп, бастырманы (17) негіздің төменгі бөлігіне түсіріңіз.
3. Қысқышты (15) телескопиялық тіреуге орнатып (14), тіреуді қажетті биіктікке шығарыңыз және қысқышты (15) сағат тілі бойынша бұраңыз.



Биіктікті реттеу



Бекіту



Босаңсыту

Корпус пен басқару блогын реттеу


1. Б бұрамасын (13) басқару блогының артқы бөлігінен сағат тіліне қарсы бағытта бұрап босатыңыз (бұраманы толық бұрап шығарып алмаңыз), содан соң мотор блогын (11) және басқару блогын (12) телескопиялық тіреуге (14) орнатыңыз.
2. Б бұрамасының (13) көмегімен конструкцияны сағат тілімен бұрап (14) тіреуге бекітіңіз.

Торды жинау

1. Мотор блогындағы бағыттауыштарды (11) тордағы тиісті саңылаулармен біріктіріп, артқы қорғағыш торды (8) орнатыңыз. Артқы торды (8) мотор блогына (11) сомынмен (7) сағат тілімен бұрап бекітіңіз.
2. Өстегі тістерді (9) қалақшаның артқы бөлігіндегі саңылаулармен біріктіріп, қалақша саңылауы (6) арқылы (6) мотор өсін (9) өткізіңіз. Қалақшаларды (6) бекітуге арналған сомын арқылы (5) сағат тіліне қарсы бағытта бұра отырып, бекітіңіз.
3. Тұмшаны (1) алдыңғы торға (2) бұрамалар (4) және аяқас бұрағыш арқылы бұрап орнатыңыз.
4. Алдыңғы торды (2) артқы торға (8) алдыңғы тордың төменгі бөлігінде орналасқан ілмек арқылы орнатыңыз (2). Екі торды алдыңғы тордың сыртқы шетімен (2) ысырмалармен (3) бекітіңіз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғыны тегіс тұрақты бетке орналастырыңыз.
2. Желдеткішті электр желісіне қосыңыз.
3. Жылдамдықты ауыстырғыштың көмегімен қалаған жылдамдықты орнатыңыз.
 - 3: жоғары жылдамдық.
 - 2: орташа жылдамдық.
 - 1: төмен жылдамдық
 - 0: сөндірілді.
4. Құрылғыны сөндіру үшін "0" басыңыз.
5. Желдеткіш корпусының айналуын қосу үшін, мотор корпусының жоғарғы жағындағы бұрылу реттегішін басыңыз. Желдеткіштің бұралуын сөндіру үшін, реттегішті жоғары көтеріңіз.



Қызмет көрсету және күтім жасау

- Тазалау алдында құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз және сөндіріңіз.
- Құрылғының сыртқы бетін тазалау үшін жұмсақ ылғалды матаны пайдаланыңыз. Мотордың ішкі бөлігін тазалау үшін, сығымдалған ауа баллонын немесе шаңсорғышты пайдалануға болады.
- Құрылғыны суға батырмаңыз және мотор корпусына судың тиюіне жол бермеңіз.
- Желдеткішті тазалау үшін бензин, еріткіш немесе басқа химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны түпнұсқа қаптамада құрғақ салқын жерде сақтаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасымал), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітілуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-ден 40 °С-ге дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы мұқият пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сай жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы едәуір толық ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Дайындаушы: Гуандун Чанжуньюй Хардвэ энд Электрик Мэньюфэктори Ко., Лтд. Өнеркәсіптік аймақ, Сяо Цзэ, Дацзэ, СиньХуэй, Цзянмынь, Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақтамасы мен функционалдығы пайдаланушыны алдын ала ексертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Келесі мекенжай бойынша сервистік орталықтардың өзекті тізімі:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



